«Еркіндік ЖББМ»КММ

(2022- 2023 оқу жылы)

8 бағыт бойынша атқарылған тәрбие жұмысының жылдық есебі, SWOT талдауы

1.«МӘҢГІЛІК ЕЛ» патриоттық акт аясында қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие

Мақсаты: жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат және патриотты; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін; балалар мен жастардың құқықтық санасын, олардың балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұру даярлығын қалыптастыру

Бұл бағыт бойынша: 1-қыркүйек Білім күніне арналған «Саналы ұрпақ-жарқын болшақ» атты санитарлық талаптарды сақтай отырып бірыңғай сынып сағаттар өтті.
Мақсаты: 2020-2021 жаңа оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, санитарлық-эпидемиялық жағдайды ескере отырып, оқушылардың оқуға және өз денсаулығына құндылықты қарым-қатынасын қалыптастыру, өзін-өзі ұйымдастыруға дағдыландыру. Іс-шараның идеологиялық мазмұнын ҚР Құнанбайұлының 175жылдығына арналған тақырыптар құрады. Сынып-сағаттары барысында оқушыларға денсаулықты сақтай отыра, білімнен қол үзбеуге, тәрбиелі болуға, әлеуметтенуіне күнделікті оқу режимін сақтауға, жеке бас гигенасы талаптарын қатаң ұстауға бағытталған түсіндірмелер жүргізілді.

Оқушылардың заңды мүдделері мен еркіндіктерін құқықтарын сыбайлас жемқорлықтан қорғауды қамтамыз ету. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу, анықтау және жол бермеу жөніндегі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру. Мектепішілік сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласындағы оқушылар

ынтымақтастығының кеңейту және жандандыру мақсатында сауалнама алынған болатын. Бұл сауалнамаға 8-11 сынып аралығындағы барлық оқушылар жаппай қатысты. Сауалнама қорытындысы бойынша мектеп оқушылардың сыбайлас жемқорлыққа үзілді-кесілді қарсы көзқарастары анықталды. Жас буынды адалдыққа тәрбиелеу мақсатында мектебімізде «Адалдық бұрышы» ұйымдастырылған.

Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша Еркіндік ЖББМ мектеп қауіпсіздік командасының мүшелері, кезекті түнгі рейд жұмысын жүргізілді. Жүргізілген рейд құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушыларымыздың түнгі мезгілде жалғыз жүрмеуі, бөгде адамдармен қарым-қатынаста болмауы, беймезгіл уақытта жүрмеуі қатаң бақыланып отырды. Бұл іс-шаралық рейдтің мақсаты – жастар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын ала отырып, келешегі кемел ұрпақ тәрбиелеуге атсалысу.
Орта адамды қалыптастырады, ал ұрпақ тәрбиесінің жемісі бір күнде немесе бір жылда бермейтіні белгілі. Сондықтан жастар тәрбиесінде қоғамның ықпалы аса зор. Жеткіншектердің түнгі уақытта жалғыз өзі жүрмеуін ата-аналар қатаң қа-дағалауы тиіс. Мұндай шара жасөспірімдерді әртүрлі құқық бұзушылықтан сақтайтынын естен шығармаған жөн.
Санитарлық талаптарды сақтай отырып мектебімізде 1 желтоқсан Президент күніне орай өткізілетін іс-шаралары алдын –ала жоспарланып, бекітілген. Мақсаты: Балаларға еліміздің Президентін жіті таныстыру. Өз Отанын, туған жерін сүюге, қорғауға, сақтауға, құрметтеуге тәрбиелеу. 20 қарашада «Тәуелсіздіктің 7 қыры: Жаңғыру жолы»деректі фильмін *тәрбие сағаттарында оқушылардың назарына ұсына отырып, талғылау жұмыстары жүргізілді.* Тәрбиелік сағатында әр ұстаз сөзін «Сәл тарихқа шегініс жасар болсақ, 1991 жылғы 1 желтоқсанда алғаш рет жалпыхалықтық сайлау өтіп, егемен Қазақстанның негізін салушы - Нұрсұлтан Назарбаев тұңғыш рет Президент болып сайланды. Бұл жаңа мемлекет қалыптасуының өтпелі кезеңінде сенімді басшыға өз тағдырын тапсырған Қазақстан халқының жауапты таңдауы еді. Шын мәнінде, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында тәуелсіз Қазақ елі қалыптасып, тарихымыз түгенделіп, тіліміз, діниміз және діліміз қайта оралып, мемлекетіміздің ұлттық рәміздері қабылданды. 1991 жылғы 10 желтоқсанда Қазақстан халқына берген антын тұтастай және толық орындағанын көрсетті. Қазақ КСР-ның Жоғарғы Кеңесі сол күні-ақ Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы деп өзгертті. Елміз бүгінде бүкіл әлемге танымал жаңа атқа ие болды. «Қазақстан Республикасының

мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Қазақстан РЕспубликасының заңы 1991 жылғы 16 желтоқсанда қабылданды. Осы заң негізінде еліміз өзінің Тәуелсіздігін жария етті» деп бастады.

24 желтоқсанда 8-11сыныптарда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың мұражайына вертуалды саяхатқа барды. Мұражайға саяхат жасатқан мұражай жетекшісі Ә.Кешубай және орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Б.Бохаева . Мақсаты: Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың өмір жолы, туып – өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы , алған білімдері; Елбасының өмір жолын үлгі ала отырып Отанын, халқын сүйюге, ержүректікке, азаматтыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу. Тәлімгер Абдикерова С. «Тәуелсіз ел ұланымын» тақырыбында сурет көрмесін , «Ел тұтқасы-Елбасы» тақырыбында мектеп кітапханашысы Л.Секербаева Елбасы еңбектерінің көрмесін ұйымдастырды.

2020 жылы жас ұрпақтың санасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыра отырып, оның алдын алу, көріністерін азайту, қатаң бақылау қою, құқықтық мәдениет деңгейін жоғарылату, ұлттың адамгершілік құндылықтарын бағалай білуге тәрбиелеу мақсатында «Адал Ұрпақ» еріктілер ұйымына оқушыларды қабылдап, 2020 – 2021 оқу жылана аранлған жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес қыркүйек айында ҚР сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу нормативтік құжаттарын түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Мектепте «Адал ұрпақ» және «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында ақпараттық стендтер жасалынды.

Қараша айында 8 – 9 сыныптар аралығында “Сыбайлас – жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру, өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту, өз ойларын еркін

жеткізе білу қабілеттерін дамыту, өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие қалыптастыру мақсатында «Мектеп сыбайлас жемқорлыққа қарсы» сынып сағаттары өткізілді.

Желтоқсан айында 7 – 9 сыныптар аралығында «Мен не білемін?» эссе сыбайлас жемқорлық туралы жұмыстары жүргізілді.

Қаңтар айында 8 – 9 сынып оқушылары арасында «Кәмелетке толмаған балалардың құқықтарын қорғау» және «Құқық бұзушылықтың алдын алу» тақырыбында онлайын жиналысты Шет ауданының аға лейтенанты А.А. Бекишеваның баяндамасы бойынша өтілді.

Ақпан айында жоғары сынып оқушылары арасында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу баршамызға ортақ міндет» тақырыбында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Наурыз айында «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тағырыбында 5-7 сыныптар аралық тәрбие сағаттары болды.

«Жас Ұлан» ұйымының мүшелері өздеріне берілген жұмыстарды жоспарға сай тиянақты орындап, әр айтылған іс шараларды жауапкершілікпен атқаруда. «Ауған қасіреті». Кеңес Одағының соңғы соғысы. 1979-1989 жылдары жоспары бойынша «Жас Ұлан"ұйымы «Ауған қасіреті» соңғы соғысына жоспарға сай белсене ат салысып флешмоб ұйымдастырды.Іс- шара соңында ұстардар сөз сөйлеп,оқушылар өлең жолдарын оқыды.

2. Рухани-адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар

Мақсаты: "Рухани жаңғыру" құндылық негіздерін тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттері мен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы терең түсінігін қалыптастыру, қазақстандық қоғам өмірінің жалпыадамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісіледі.

«Мектепке жол» акциясының мақсаты оқумен қамтылмаған балаларды анықтау, аз қамтамасыз етілген және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ оқу жылының басына дайындық уақыты кезінде

ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға қолдау көрсету және әлеуметтік себептер бойынша мектепке балалардың келмеуінің алдын-алу.Бұл акцияға мұғалімдер мен ауыл тұрғындары көмек қолын созды. Аз қамтылған және көп балалы отбасы балаларына, материалдық көмек көрсетілді.Және де білім бөлімінен бөлінген материалдық көмекті (куртка, оқу құралдары) 56 оқушыға қамқоршылық кеңес мүшелері теңдей үлестіріп берді.

«Қарттарым аман-сау жүрші» атты үлкендерді сыйлау, құрметтеуге арналған мерекелік іс-шара өткізілді. Онда ауыл қарттарына барып сұхбат жүргізіп , сыйлықтар үлестіріп , алғыстарын алып қайтты. Өткізген тәлімгер Абдикерова С.
«Ардагерлерді ардақтайық» акциясын еріктілер жетекшісі Кушкенова А.И. ұйымдастырды.
«Мың алғыс,саған,ұстазым!» атты мерекелік шарада , сақтық шараларын сақтай отырып ардагер ұстаздардың үйлеріне барып, білім бөлімінен бірілген марапаттары табысталды.Осы тақырыпта ұстаздарға арналған видеоконцерт ватсап желісі арқылы жолданды. Концертті ұйымдастырған ДТІЖО Шарипова О.А. мен тәлімгер Абдикерова С.С.
«Отбасы сағатына » орай іс-шаралар жоспарлы түрде «Отбасы - шағын мемлекет» тағырыбында сурет байқауын А.И. Кушкенова ұйымдастырды
«Отбасы - шағын мемлекет» тақырыбында ұйымдастырылды. «Мамандыққа жол табу» дөңгелек үстөлді Келмағанбетова А.С. Бухаршина Г.Б.психолог Қ.Ж. Ыдырысовалар 9-10 сынып ата –аналары бірігіп балаларға мамандық таңдауға бағыт беру мақсатында ұйымдастырылып, өткізілді. «Бауырларым және мен» спорттық отбасылық сайыстқа Мұхамеджановтар және Мүбәрәковтар отбасыларының балалары арасында өткізілді.
Жаңа жыл мерекесіне орай жоспар құрылып, алдын ала хабарландыру, сыныптар шығарған мерекелік қабырға газеттері және құттықтау қағаздары мектеп дәлізіне ілінді. Даярлық сынып, 1-4 сыныптары және 5-11сыныптары **« Жаңа жыл - 2020!»** тақырыбында сынып сағаттары өтілді.

«Діни экстремизм» «терроризм»

9-11 сынып оқушылары арасында «Терроризмнің қатері» тақырыбында видеоролик көрсетілді. Видеороликтің мақсаты қазіргі кезде қоғамымызды , адам санасын улап жатқан діни ағымдардың саны уақыт өткен сайын көбейіп бара жатқандығы мен олардың қаншама біз білмейтін түрлері барлығы,сонымен қатар оның адам санасына, өміріне деген қаншалықта зиян келтіріп жатқаны жөнінде мәлімет көрсетілді. Міне осы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет

бере отырып, біздің мұсылман дінімізде оларды қолданудың, қабылдаудың зияны мен күнәсі көрсетілген. Осы адастырушы діни ағымдар туралы оқушыларға мәлімет бере отырып және олардан аулақ болуын тарих пәнінің мұғалімі А.А. Алькеев, құқық пәнінің мұғалімі Ә.Е. Кешубай мағлұмат беріп өтті. «Дін жайында не білеміз» сауалнаманы психолог Қ.Ж.Ыдырысова жүргізді.

3. Ұлттық тәрбие

Мақсаты: Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Алға қойылған мақсатты жүзеге асыру барысында біршама іс-шаралар жүргізілді.

«Қаражартас-қасиетті мекенім» атты өлкетану жобасы аясында «Қазақтың ең көне ұлттық өнері- атбегі»

Тақырыбында ауыл тұрғыны , атбегі Хасенов Ғамзатпен кездесу өткізілді. Және де осы ауыл тұрғынымен «Аты иесіне мәлім» тақырыбында шеберлік сабағы болды. Ұйымдастырған «Жігер» ұлдар клубының жетекшісі Алькеев А.А. «Ұлттық тағамдарды дайындау тәсілдері» бейнероликтер көрсетілімін «Инабат» клуб жетекшісі Байжаханова А.А. ұйымдастырды. «Қазақ биі- ұлттық қазына» тәрбие сағатын 7 сынып жетекшісі Боқаева Б.Б. өткізді. Еркіндік жалпы білім беру мектебінде жоспарға сай «Білекке-білезік, мойынға алқа, бұрымға-шолпы» атты іс-шарасы өткізілді. Наурыздың айрықша тәлім тәрбиелік,үлгі өнегелік, сән салтанатты, мәрт жомарттылық, қадір қасиеттілік нышан белгілерімен таным ұғымдарының үлгі түрлері өте көп.Наурызды әр халықтың асыға күтетіні де сондықтан.Әр халықтың бойына дарытқан асыл қасиеті,әр адамды жоғары саналыққа,әдептілікке, өнегелілікке,бауырмалдылыққа,көрегенділікке,ізеттілік пен білімділікке баурайды.метебіміздің ауласына тал отырғызылып «Атаңнан мал қалғанша тал қалсын!» әрі «Бұлақ көрсең көзін аш»дегендей күннің суықтығына қарамастан оқушылар тазарту жұмыстарына да белсене араласты.Наурыз мерекесін үлкен қызығушылық пен мол дастархан басында салт дәстүрлері мен ,ұлыстың ұлы күнін атап өткізді. «Жігіттің сұлтаны» сайысы кәсіптік бағдар беру аясында, **Мақсаты:** Оқушылардың білімділік дағдыларын байқау.Өздерін емін-еркін ұстай білуге үйрету.Тілдерін, шапшаң ойлау қабілетін дамыту.Бірін-бірі сыйлауға тәрбиелеу. Бала сұлтанды анықтау.«Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарды сақтап, қастерлеуге, дәріптеуге үйрету.Әр баланың бойындағы қабілеттерін: ойлау, әр түрлі жағдайлардан шыға білу , өнерін көрсету.сахмна мәдениетін қалыптастыру, дамыту, ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу.

Сондай-ақ жыл бойына ұлттық тәрбиеге бағыттау барысында «Бес тас » ойыны жүргізіліп отырды. Мектеп қыз балалары бұл сайыс түріне қызыға қатысыып отырды. 4- сынып оқушыларының арасында «Орегами» өнерінен сайыс өткізіліп,ең жақсы деп танылған жұмыс көрмеге қойылды.Сынып жетекшісі Сыздыкова Ж.С.

4.Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар

Мақсаты: ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру, отбасылық өмірдің рухани-адамгершілік негіздерін ашу

Бұл бағыт бойынша:

- «Құқықтық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары» тақырыптарында дәрістер, учаскелік инспектордың онлайн жиналыстары өткізілді.

-«Отбасы-бұл әрқашан жаныңнан табылады» дөңгелек үстел,

«Жас өспірімдер арасында бопсалаушылық» 5-11 сыныптарда әңгіме жүргізіліп, деректі фильм көрсетілді.

-Жалпы мектепішілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

- Бірыңғай республикалық «Отбасы сағаты» челлендж,суреттер ұйымдастырылды.

Нәтижесінде: Оқушылардың ата-аналарға деген құрметі, өмірге деген құлшыныстары артты.

5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту

«Өлкемнің тазалығы - менің тынысым" тақырыбында әр бейсенбі сайын мектеп ауласын тазарту жұмыстары ұйымдастырылды. «Құстарға қамқор болайық» акциясы оқушылар құстарға және қоршаған ортаға қамқорлық жасап,экологиялық білімін жетілдіру мақсатында өткізілді.

«Қоғамға қызмет ету» жобасы аясында «10 игі іс» жобасында мектеп дәліздері гүлдендірілді, мектеп алдындағы газондарға гүл отырғызылып, оларды оқушылар үнемі суарып, баптап отыруы қадағаланып отырылады. Сәуір айында 11 сынып түлектері мектеп маңына көшеттер отырғызды. «Бұлақ көрсең көрсең көзін аш» тақырыбында биология пәні мұғалімі Жансейітов Қалибек жоғарғы сынып оқушыларын ұйымдастырып ауыл маңындағы бұлақты тазалап ,жан-жағын ретке келтіріп, сауапты іс жасады.

6. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі

Мақсаты: әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру; тәрбие процесіне «Өзін-өзі тану»адамгершілік-рухани білімді кіріктіру

Еркіндік ЖББ мектебінде 2021 жылдың қаңтар айында оқушылар арасында мектепішілік пікірсайыс (дебат) қозғалысты дамыту және насихаттау, қолдау мақсатында «Ақиқат» дебат-клубы ұйымдастырылды. «Ұшқыр ой алаңы» дебат-клубының қатысушыларын іріктеу, спикер сайлау, клуб атын қою, мақсат-міндеттерді анықтау турасында дөңгелек үстел өткізіп, спикерлерге дебат-клубының жүйесі туралы таныстырылым көрсетіліп және жылдық жоспарлармен ақпараттандырылды. Жетекшісі қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі Қапаева М.Б.

Кітапханашы Л. Секербаеваның ұйымдастыруымен «Алаш қайраткерлері» «Тарихи тұлғалар» көрмелері жасалды. Үш тілдік интеллектуалды ойын 10-11 сыныптар аралық өтілді.Ұйымдастырған математика пәнінің мұғалімі Байжаханова А.А. «Наурыз бата беру» сайысын ватсап желісі арқылы Хасенова А.Ж. ұйымдастырды .Сайысқа 17 оқушы қатысты.

Үш тілдік интеллектуалды ойын 10-11сыныптар аралық мамематика пәні мұғалімі А.А.Байжаханова ұйымдастырған.

7. Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша жүргізілген жұмыстар

Мақсаты: тұлғаның жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру

«Мәдени мұра»тақырыбында Нұр-Сұлтан қаласындағы Ұлттық және тарихи-өлкетану мұражайына вертуалды экскурсиясын мектеп мұражайының жетекшісі Ә.Е. Кешубай өз мәнінде жүргізді. «Білімнің көзі кітапта» буккроссинігін кітапханашы Л.Секербаева жыл бойына жүргізіп отырды. «Күй керуен» іс-шарасын жәнеде мектепте өтіліп жатқан шараларға домбыра үйірмесіне қатысып жүрген балалар өз өнерлерін белсене көрсетіп отырды, жетекшісі Исағұл Ж.Ж.

8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты

сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату

Бұл бағыт бойынша:
-«Біздің денсаулығымыз өз қолымызда» ұранымен денсаулық күні өтті.
- «Таза бейсенбі» мектеп ауласын тазартуға сенбілікке қатысып отырдық.
-16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай оқушылар арасында футбол,баскетбол,волейбол, тоғызқұмалақ ойындары ұйымдастырылды.
- 1-желтоқсан СПИД пен қарсы күрес күніне орай « 21 ғасыр індеті» тақырыбында 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өткізілді.

Ұлттық ойын “Бес тас” жарысы ,қыздар аралық мектепшіліктен іріктеліп ,аудандық жарысқа қатысқан ойыншылар екінші орынға ие болды.
Көңілді сөре” 3-4, 2-3 сыныптар аралық үнемі өтіледі.
Флешмоб . 5-10 сыныптармен әр мереке сайын өткізілді.
Баскетбол жарысы ,гимнастикалық көп сайыс наурыз мейрамы қарсаңында болды.
.“Денің сау болса, бәрін аласың ”денешынықтыру апталығы өтілді. Сәуір айында «Жолда жүру ережесі » бойынша іс-шара өтілді.Ұйымдастырған дене шынықтыру пәні мұғалімі Шарипов А.М.

“Отбасы денсаулығы –басты құндылық” ««Сау денеде-сау ақыл», «Спорт-нашақорлыққа қарсы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өз мәнінде өтілді.Отбасы “Таңғы жаттығу-денсаулық кепілі” челленджісі ұйымдастырылды.

“Сабақтағы және үзілістегі қозғалмалы ойындар” тақырыбында сынып сағатын 3-сынып Серикова Р.А өткізді.

Рухани жаңғыру бағдарламасының орындалысы, сараптама

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша Елбасы мақаласында қарастырылған ауқымды іс-шараларды жүзеге асыру, рухани жаңғыруды сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын ұлттық құндылықтарды жаңғырту оқушылардың бойында ұлттық сананы ояту, жас ұрпақ санасына, туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімін ұялату, ұлттық рухты сіңіру.Мектептің жеке тұлғаны дамыту,әлеуметтік және жеке мәдени құндылықтарды қалыптастыру, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу шыдамдылыққа және сыни көзқарасқа тәрбеилеу,өзінің дамуын қамтамасыз ету борышын таңдай отырып, тәрбие жұмысының мақсат-міндеттері қойылды. «Туған жерді» дамыту, азаматтарды туған өлкесін дамытуға тарту,сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешу мақсатында мектебімізде «Қаражартас –қасиетті мекенім» арнайы жобасы бойынша жоспар құрылып,жауапты адамдар бекітілді.Жоспар бойынша біршама жұмыстар атқарылып жатыр. Оқыту мен тәрбиенің біртұтастығы негізінде, оқушылардың бойында отансүйгіштік сезімін, ел болашағы үшін жауапкершілік, еңбексүйгіштік, адалдық, халыққа қызмет етуге тәрбиелеу –тәрбие жұмысының басты

мақсаты болып табылады. Мектебімізде рухани жаңғыру бағдарламасы бойынша бірнеше жобалар енгізілді және сол жобалар бойынша жұмыстар атқарылуда.Сол жобаның бірі

- ***Өнегелі өмір» жобасы*** – 2020 жылдың Қазан айында мектебімізде 40жылдан астам уақыт бастауыш сыныптарда ұстаздық еңбек еткен , 85 жасқа келген Жолданова Күляш әжеге барып сұхбат алынды.Ұлағатты қарт ұстаз сұхбат барысында өз мамандығын өте қатты жақсы көргендігімен қоса ұстаздық жолдың қиындығы мен қызығы бірге жүретінін айта кетті .Әңгіме соңында мектебімізге батасын беріп, рахметін айтты.

Осы жоба аясында Жаманадина Бақытжамал, Қажкенова Рая мектебімізден 40жылдық ұстаздық еңбекпен зейнеттерлікке шыққан ұстаздарға аудан тарапынан тапсырылған «Шет ауданының білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төс белгісін арнайы мектеп тарапынан міндеттелген ұстаздар үйлеріне барып , құттықтап ,төс белгіні тақты.Ол кісілермен сұхбат барысында әлі де болса мектеп өмірін жиі сағынышпен еске алатындықтарын айтып, Шет ауданының білім бөліміне және мектеп ұстаздарына алғыстарын білдірді.

Кездесу барысында естелік фотоға түсірілді. Қазан айында мектебімізде 40жылдан астам уақыт бастауыш сыныптарда ұстаздық еңбек еткен , 85 жасқа келген Жолданова Күляш әжеге барып сұхбат алынды.Ұлағатты қарт ұстаз сұхбат барысында өз мамандығын өте қатты жақсы көргендігімен қоса ұстаздық жолдың қиындығы мен қызығы бірге жүретінін айта кетті .Әңгіме соңында мектебімізге батасын беріп, рахметін айтты.

Осы жоба аясында Жаманадина Бақытжамал, Қажкенова Рая мектебімізден 40жылдық ұстаздық еңбекпен зейнеттерлікке шыққан ұстаздарға аудан тарапынан тапсырылған «Шет ауданының білім саласына еңбегі сіңген қызметкері» төс белгісін арнайы мектеп тарапынан міндеттелген ұстаздар үйлеріне барып , құттықтап ,төс белгіні тақты.Ол кісілермен сұхбат барысында әлі де болса мектеп өмірін жиі сағынышпен еске алатындықтарын айтып, Шет ауданының білім бөліміне және мектеп ұстаздарына алғыстарын білдірді.

Кездесу барысында естелік фотоға түсірілді.

2021жылдың 26 ақпанында «Өнегелі өмір» жобасы аясында Еркіндік ауылының тұрғыны , 46 жылдық еңбек өтілі бар, бүгінгі таңда зейнеткерлікте отырған ақ халатты абзал жан **Кентбекова Гүлдана Қамшыбаевнамен** кездесу болды. Кездесуге қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Қапаева Маржан Бекетқызы мен директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шарипова Оңал Амиркызы және 7- сынып оқушысы Ағыбай Айзере барды. Кездесу сұхбатын Маржан Бекетқызы жүргізді .Сұхбатта қиыншылығы мен қызығы мол еңбек жолдарынан естеліктерді еске түсіру барысында әр түрлі сұрақтар қойылды. Абыроймен , ел алғысын арқалап зейнеткерлікке шыққан 79 жастағы қарт әжей сонау бір өнегелі өмір жолын сағынышпен еске алып, қойылған сұрақтарға мардымды жауаптар айта отырды. Сұхбат соңында Айзеренің «Аналардың анасы» атты жыр шумағы тыңдалды.

“Қазақтың ең көне ұлттық өнері - атбегі” Атбегі Хасенов Ғамзатпен кездесу және “Ұлағат” әкелер кеңесінің мүшесі атбегі Хасенов Ғамзаттың “Шымырлық пен шығармашылық” күніне орай “Аты иесіне мәлім”тақырыбында өткізген шеберлік сабақ өтілді.

Бұл оқу жылында «Рухани жаңғыру» аясындағы мектептегі мұражай жұмысын жалғастырды. **«Қаражартас - қасиетті мекенім»** атты жобасына енген біраз жұмыстар жүргізілді.Мұражай экспонаттары екі бағытта жинастырылды. Біріншісі

ұлттық бағыт, олар: ұршытар, диірмендер,ағаш,темір ыдыстар т,б.заттар болса, екінші бағытта СССР кезіндегі заттарды топтастырдық. Жергілікті тұрғын Қосылбек Лиза «Молот» потифонын және саквояж (ретросумка) мұражайға тапсырды. Экспонаттар іздестірілуде. Мұражайға ауылға келген қонақтар,ауыл тұрғындары,оқушыларға экскурсия жасалып тұрады.

Саквояж «Молот» потифоны